

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ  
ҚҰРЫЛЫСЫ.**

- *Сұрақтар:*
- *-Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының ұғымы.*
- *-Қазақстан Республикасының экономикалық негіздері.*
- *-Қазақстан Республикасының саяси негіздері.*
- *-Қазақстан Республикасы – зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет.*

■ Конституцияда Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына негіз болатын барлық принциптер бекітілген.

■ **Олар:**

- халықтық билік,
- мемлекеттік егемендік,
- біртұтастық,
- биліктерді бөлу принципі,
- құқықтың үстемдігі,

- Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық;
- бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму;
- қазақстандық патриотизм;
- мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

- ҚР Конституциясында «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деп бекітілген (3-бап).
- Халық билікті республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады. Сондай-ақ халық өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.
- Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады.

- Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар.
- Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді.

- Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады
- Қазақстан Республикасы өзін
- демократиялық,
- зайырлы,
- құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

- ▣ Қазақстан Республикасы - **президенттік** басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.
- ▣ Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында **идеологиялық және саяси** әр-алуандылық танылады. Мемлекеттік органдарда партия ұйымдарын құруға жол берілмейді.

Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді.



- Қазақстан Республикасында мемлекеттік **меншік пен жеке меншік** танылады және бірдей қорғалады.

Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.

- Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады.
- Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

**НАЗАРЫҢЫЗГА  
РАХМЕТ**